



Электрондық оқыту (e-learning) жүйесінің функционалдық моделі



Электрондық оқыту жүйесінің негізгі мақсаты:

*Білім беру ұйымдары қызметкерлеріне үздік білім
беру ресурстары мен технологияларына тең қол
жеткізуді қамтамасыз етуге негізделген.*

**Электрондық оқыту жүйесін білім беру
ұйымдарына енгізу міндеті:**

**Оқу-тәрбие үдерісін автоматтандыру
болып табылады. Аталған міндетті
шешу үшін оқу-тәрбие үдерісіне
қатысушылардың қызметін
автоматтандыру қажет.**




Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында:

- ▶ Оқушы автоматтандырылған жүйеде жеке портфолиосын, күнтізбесін, күнделігін жүргізеді.
- ▶ Мұғалім күнтізбелік-тақырыптық жоспары бар электрондық дәптерді, сынып журналын, хабарландыру қызметі (алда болатын жоспарлы және жоспардан тыс жиналыстар мен кездесулер туралы оқушылардың ата-аналарына e-mail немесе sms-хабарламалар, есептілік және т.б. жіберу) толтыратын болады. Оқытушылық жүктемені, сабақ кестесін, үлгерім мониторингі мен оқушылардың сабаққа келуін, педагогтің қызметін, есептілікті директордың орынбасары жүзеге асырады.
- ▶ Жүйе әкімшісі оқшау және ғаламдық есептеу желісін, телефон жүйесін немесе дауыс поштасы жүйесін қоса алғанда, көп қолданыстағы компьютерлік жүйенің жұмыс істеп тұруына жауапты болады.





Виртуалды кабинет – жұмыс орнының қызметін балама ретінде атқаратын ақпараттық ортада орналасқан автоматтандырылған бағдарламалық кешен.



Білімдік процесс пен басқарудың тікелей қатысушылары мектепті басқару жүйесін негізгі пайдаланушылар:

- ▶ директор;
- ▶ оқу жұмысы бойынша мектеп директорының орынбасары;
- ▶ тәрбие жұмысы бойынша мектеп директорының орынбасары;
- ▶ мұғалімдер;
- ▶ сынып жетекшілері;
- ▶ оқушылар;
- ▶ ата-аналар;
- ▶ кітапханашылар;
- ▶ дәрігер қызметшілері;
- ▶ SMS басқарушылары

